БЕКІТЕМІН»
«Балалар-жасөспірімдер шығармашылық
орталығы» КМҚК басшысы
_____ Матышова А.Н.
«____» _____ 2026ж.

**«ARTCRAFT» БӨЛІМІНІҢ «САМҰРЫҚ» ЖОБАСЫ**

**Жобаның негізі :**

- «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы;
- «Шабыт» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК оқу және тәрбие жоспары.

**Жобаның бағыты:**

**Көркемөнер, қолөнер, ұлттық аспап, вокал, ұлттық ән, би, театр және қыш өнерін біртұтас шығармашылық жобаға біріктіру.**

## 1. ЖОБАНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ :

Қазіргі уақытта балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, ұлттық мәдени мұраға қызығушылығын арттыру, өнер арқылы өзін танытуына жағдай жасау және бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

«Шабыт» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығында бейнелеу өнері, қолөнер, қыш өнері, ұлттық аспаптар, вокал, ұлттық ән, би және театр бағыттарында жұмыс істейтін шығармашылық үйірмелер бар.

Аталған үйірмелердің әрқайсысы жеке бағытта жұмыс істегенімен, олардың шығармашылық мүмкіндіктерін бір ортақ жобаға біріктіру арқылы **біртұтас шығармашылық орта** қалыптастыруға болады.

Осы мақсатта **«Самұрық» жобасы** әзірленеді.

Жоба баланың **өнерді үйренуінен – өнерді жасауына, өнерді жасаудан – оны көпшілікке таныстыруына** дейінгі шығармашылық жолын қалыптастырады.

«Самұрық» жобасы арқылы ұлттық өнер мен заманауи шығармашылық бағыттар сабақтастырылады, тәрбиеленушілердің шығармашылық бастамасы қолдау табады және «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтары нақты шығармашылық әрекет арқылы жүзеге асырылады.

## 2. ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ:

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, ұлттық және көркемөнер құндылықтарын дәріптеу, тәрбиеленушілердің жеке шығармашылық әлеуетін ашу және «ArtCraft» бөліміндегі әртүрлі өнер бағыттарын біртұтас шығармашылық-тәрбиелік жобаға біріктіру.

## 3. ЖОБАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

**Шығармашылық бағытта**

1. Тәрбиеленушілердің көркемөнер, қолөнер, музыка, вокал, би және театр қабілеттерін дамыту.
2. Балалардың шығармашылық бастамаларын қолдау.
3. Әр тәрбиеленушіге өз қабілетін көрсетуге мүмкіндік жасау.
4. Жеке және топтық шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру.
5. Шығармашылық жұмыстарды көрме, концерт, фестиваль және сахналық қойылым арқылы көрсету.

**Ұлттық құндылықтар бағытында**

6. Қазақтың ұлттық өнері мен мәдени мұрасын насихаттау.
7. Домбыра, қобыз, ұлттық ән, қолөнер және ұлттық би бағыттарын дамыту.
8. Ою-өрнек, ұлттық бұйымдар және дәстүрлі өнер түрлерін балаларға үйрету.
9. Ұлттық өнерді заманауи шығармашылықпен сабақтастыру.

**Тәрбиелік бағытта**

10. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын шығармашылық жұмыс арқылы жүзеге асыру.
11. Еңбекқорлыққа, жауапкершілікке және ұқыптылыққа тәрбиелеу.
12. Командалық жұмыс дағдыларын қалыптастыру.
13. Өнерге, мәдениетке және өзгенің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.
14. Эстетикалық талғам мен мәдениетті мінез-құлықты қалыптастыру.

## 4. «САМҰРЫҚ» ЖОБАСЫНА ҚАТЫСАТЫН ҮЙІРМЕЛЕР

Жобаға барлығы **30 шығармашылық үйірме/бағыт** енгізіледі.

| № | Үйірме атауы | Нақты бағыты |
|---|---|---|
| 1 | «Магия ремесла» | Сурет |
| 2 | «Акварелька» | Сурет |
| 3 | «Ақбаян» | Би үйірмесі |
| 4 | Изо студия «Колорит» | Бейнелеу өнері |
| 5 | «Самға» | Вокал үйірмесі |
| 6 | «Бояулар сыры» | Сурет |
| 7 | «Балауса» | Хор |
| 8 | «Шалқыма» | Вокал |
| 9 | «Театр» | Театр |
| 10 | «Домбыра» | Ұлттық аспап |
| 11 | «Кербез» | Би |
| 12 | «Шебер қолдар» | Қолөнер |
| 13 | «Сарын» | Қобыз, ұлттық аспап |
| 14 | «Наз қоңыр» | Ұлттық аспап |
| 15 | «Сахна өнері» | Театр |
| 16 | «Дала сазы» | Вокал |
| 17 | «Дыбыс сыры» | Вокал |
| 18 | «CreativeArt» | Көркем-шығармашылық бағыт |
| 19 | «AryArt» | Қолөнер |
| 20 | «Шабыт» | Вокал |
| 21 | «Асыл мұра» | Домбыра |
| 22 | «Oyu Art Kids» | Қолөнер |
| 23 | «Пернесаз» | Ұлттық аспап |
| 24 | «Балбұлақ» | Ұлттық аспап |
| 25 | «Самға» | Би |
| 26 | «Саз шеберлері» | Қыш құмыра |
| 27 | «Жас керамист» | Қыш құмыра |
| 28 | «Жас суретші» | сурет |
| 29 | «Сиқырлы саусақ» | қолөнер |
| 30 | «Алтын оймақ» | қолөнер |

## 5. ЖОБАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

### 1. «ӨНЕР» — сурет және бейнелеу өнері

**Үйірмелер:**

- «Магия ремесла»
- «Акварелька»
- Изо студия «Колорит»
- «Бояулар сыры»
- «CreativeArd»

**Міндеті:**

Балалардың сурет салу, түстану, композиция, бейнелік ойлау және шығармашылық қиялын дамыту.

**Нәтижесі:**

- суреттер;
- тақырыптық жұмыстар;
- авторлық композициялар;
- көрмелер;
- шығармашылық портфолио.

## 2. «ШЕБЕР» — қолөнер және ұлттық мұра

**Үйірмелер:**

- «Алтын оймақ»
- «AryArt»
- «Oyu Art Kids»
- «Сиқырлы саусақ»
- «Шебер қолдар»

**Міндеті:**

Ұлттық қолөнерді, ою-өрнекті және сәндік өнерді меңгерту.

**Нәтижесі:**

- Ұлттық қолөнер бұйымдары;
- ою-өрнек композициялары;
- сәндік жұмыстар;
- қолөнер көрмесі;
- шеберлік сабақтары.

## 3. «САЗ» — ұлттық аспаптар

**Үйірмелер:**

- «Домбыра»
- «Пернесаз»
- «Сарын»
- «Наз қоңыр»
- «Балбұлақ»
- «Асыл мұра»

**Міндеті:**

Ұлттық аспаптарды меңгерту, орындаушылық мәдениетті қалыптастыру және ұлттық музыканы насихаттау.

**Нәтижесі:**

- күй орындау;
- ансамбльдік орындау;
- концерттік бағдарлама;
- ұлттық музыка кеші.

## 4. «ӘУЕН» — вокал, хор және ұлттық ән

**Үйірмелер:**

- «Самға» — вокал
- «Балауса» — хор
- «Шалқыма» — вокал
- «Дала сазы» — вокал
- «Дыбыс сыры» — вокал
- «Шабыт» — вокал

**Міндеті:**

Балалардың вокалдық қабілетін, дауыс қою техникасын, сахнада орындау мәдениетін және ұлттық әнге қызығушылығын дамыту.

**Нәтижесі:**

- жеке орындау;
- вокалдық топ;

- хор;
- концерттік қойылым.

### 5. «ҚИМЫЛ» — би өнері

**Үйірмелер:**

- «Ақбаян»
- «Кербез»
- «Самға» — би

**Міндеті:**

Хореографиялық қабілетті, ырғақ сезімін, сахналық қозғалысты және ұлттық би мәдениетін дамыту.

**Нәтижесі:**

- би композициялары;
- ұлттық би;
- сахналық қойылым;
- концерттік бағдарлама.

### 6. «САХНА» — театр өнері

**Үйірмелер:**

- «Театр»
- «Сахна өнері»

**Міндеті:**

Актерлік шеберлік, сахна мәдениеті, көркем сөйлеу, рөл сомдау және шығармашылық еркіндікті дамыту.

**Нәтижесі:**

- театрлық қойылым;
- сахналық көрініс;
- монолог;
- әдеби-музыкалық композиция.

### 7. «ҚҰМНАН — ӨНЕРГЕ» — қыш өнері

**Үйірмелер:**

- «Саз шеберлері»
- «Жас керамист»

**Міндеті:**

Балалардың қол моторикасын, кеңістіктік ойлауын, шығармашылық қиялын дамыту және қыш өнерінің қарапайым техникасын меңгерту.

**Нәтижесі:**

- қыш құмыра;
- сәндік бұйым;
- мүсіндік композиция;
- керамика көрмесі.

## 6. ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМДЕРІ

Жоба жыл бойы жүйелі түрде 5 кезең бойынша іске асырылады.

### І кезең — «Самұрықтың қанаты»

**Қыркүйек**

- жобаны таныстыру;
- үйірмелердің шығармашылық бағыттарын анықтау;
- педагогтер арасында міндеттерді бөлу;
- жылдық жұмыс күнтізбесін жасау;
- ортақ шығармашылық тақырыптарды анықтау;
- тәрбиеленушілердің қызығушылығы мен қабілетін анықтау.

**Нәтиже:** жобаның жұмыс құрылымы қалыптасады.

### ІІ кезең — «Шығармашылық шеберхана»

**Қазан–желтоқсан**

Әр үйірме өзінің бағыты бойынша шығармашылық өнім дайындайды.

Мысалы:

**«Қолөнер»** ------ ұлттық қолөнер бұйымдары

**«Акварелька»** → акварель жұмысы

**«Ою-өрнек»** → ұлттық композиция

**«Жас керамист»** → керамикалық бұйым

**«Домбыра»** → күй

**«Дәстүрлі ән»** → ұлттық ән

**«Кербез»** → би композициясы

**«Театр»** → сахналық көрініс.

## III кезең — «Өнерді біріктіру»

**Қаңтар–ақпан**

Бұл кезеңде бірнеше үйірме бір ортақ тақырып бойынша жұмыс істейді.

**Мысалы:**

**«Ұлттық мұра» жобасы**

**«Ою-өрнек»**

↓

ұлттық композиция дайындайды.

**«Шебер қолдар»**

↓

ұлттық бұйым жасайды.

**«Жас керамист»**

↓

қыштан сәндік бұйым жасайды.

**«Домбыра», «Сарын»**

↓

**«Ақбаян» , «Кербез»**

↓

ұлттық би билейді.

**«Театр» + «Сахна өнері»**

↓

сахналық көрініс қояды

Нәтижесінде бір ғана тақырып бойынша **көрме + концерт + театрлық қойылым** жасалады.

## IV кезең — «Ұлттық мұра – шығармашылық зертхана»

**Ақпан–сәуір**

**Зертхана түрлері:**

- «Қыш өнерінің құпиялары»;
- «Қолөнер және заманауи дизайн»;
- «Ұлттық аспаптар»;
- «Ән және сахна»;
- «Хореография»;

## V кезең — «Самұрық» шығармашылық фестивалі

**Мамыр**

Жобаның қорытынды нәтижесі ретінде барлық үйірмелер қатысатын **«Самұрық» шығармашылық фестивалі** өткізіледі.

**Фестивальдің 3 негізгі алаңы:**

**«SAMURYQ ART»**

**«Шабытпен салынған, шеберлікпен жасалған»**

Сурет,мүсін өнері, қолөнер көрмесі.

**«SAMURYQ SOUND»**

**«Өнер қанатында»**

Шығармашылық үйірмелердің қорытынды концерті. Домбыра, қобыз, вокал, хор.

**«SAMURYQ STAGE»**

**«Бір сахна – мың сыр»**

Би және театр өнері үйірмелерінің сахналық есеп беру қойылымдары

## 7. КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ

Жоба нәтижесінде:

- **30 шығармашылық бағыттың** жұмысы бір ортақ жобаға біріктіріледі;
- тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттері дамиды;
- ұлттық өнерге қызығушылық артады;
- балалардың шығармашылық портфолиосы қалыптасады;
- ұлттық аспаптарға, дәстүрлі әнге және қолөнерге қызығушылық күшейеді;
- сурет, қолөнер, керамика, музыка, би және театр бағыттарының байланысы қалыптасады;
- балалар командалық шығармашылыққа үйренеді;
- тәрбиеленушілер өз жұмыстарын көпшілік алдында таныстыру дағдысын меңгереді;
- шығармашылық көрмелер мен концерттік бағдарламалар қалыптасады;
- үздік жұмыстар байқаулар мен фестивальдерге ұсынылады;
- «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтары нақты шығармашылық әрекет арқылы жүзеге асырылады.

## 8. ЖОБАНЫҢ НЕГІЗГІ ИДЕЯСЫ

**«Самұрық» жобасы әр үйірменің жеке нәтижесін ғана емес, олардың бір-бірімен байланысын көрсетуге бағытталады.**

**Суретші** – сурет салады.
**Қолөнерші** – ұлттық қолөнер бұйымдарын жасайды.
**Керамист** – саз балшықтан мүсіндер жасайды.
**Домбырашы** – күй орындайды.
**Қобызшы** – музыкалық шығармалар орындайды.
**Әнші** – ән орындайды.
**Биші** – би қояды.
**Театр үйірмесі** – оқиғаны сахналайды.

Нәтижесінде:

**«БІР БАЛА – БІР ӨНЕР»**
**«БІР ҮЙІРМЕ – БІР НӘТИЖЕ»**
**«БІР БӨЛІМ – БІР ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕҢІСТІК»**

қағидасы қалыптасады.

## 9.ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ